

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Жылу энергетика факультеті
БВР417СС – Жылу энергетикасы мамандығы
Жылу энергетика қандырылғаны кафедрасы

жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Смаиұлов Курман Курдаубайұлы
(аты - жөні)

Жоба тақырыбы Ақтөбе қаласындағы ЖЭО-ның қайта құрылымына
төбелігі

ректордың « » № бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «29» 05 2014 ж.

Жобаға бастапқы деректер (талап етілетін жоба нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

ЖЭО - ның орналасуы - Ақтөбе қаласы
Ақтөбе ЖЭО-ның № Р-11-29/35 типті турбинасын
ПТ-29/35 - 3/1 турбинаға ауыстыру

Диплом жобасындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жобасының қысқаша мазмұны:

1. "Ақтөбе ЖЭО" компаниясы
2. № Р-11-29/35 бу турбинасын ПТ-29/35-3/1 турбинаға ауыстырудың негіздері
3. ПТ-29/35-3/1 турбинасын қайта құру мүмкіндігі
4. Топсық, жылулық, сулық өнімдер
5. Энергетикалық бағалау
6. Қайта құруға қажеттілік
7. Экономикалық бағалау

Аңдатпа

Осы диплом жұмысында Ақтөбе жылу электр орталығын қалпына келтіру бойынша ұсыныс келтірілген, яғни Р-14-29 турбинасын ПТ-29/35 турбинасына ауыстыру. Қарастыруға ұсынып отырылған жоба шығарылатын электр қуатын 15 МВт –қа үлкейтуге мүмкіндік береді.

Дипломдық жобаның түсініктеме парақтарында қалпына келтірілгеннен кейінгі Ақтөбе жылу электр орталығының жылу сұлбаларының есептелуі, ПТ-29/35-3,0-1,0 турбина регенерациясының есебі, сонымен қатар экономикалық және өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімдері бойынша мәселелер қарастырылған.

Аннотация

В настоящем дипломном проекте представлены рекомендации по реконструкции Актөбе ТЭЦ, то есть замена турбины Р-14-30 на ПТ-29/35-3,0-1,0. Предлагаемый к рассмотрению проект позволит увеличить установленную электрическую мощность станции на 15 МВт.

В пояснительной записке дипломного проекта имеется расчет тепловой схемы Актөбе ТЭЦ после реконструкции, расчёт регенерации турбины ПТ-29/35, а также рассмотрены вопросы экономической части и безопасности жизнедеятельности.

Annotation

This capstone project provides recommendations for reconstruction Aktobe CHP, ie replacement turbine R-14-30 PT-29/35-3,0-1, 0. Proposed to consider the project will increase the installed electrical capacity by 15 MW.

In the explanatory memorandum of the graduation project has thermal calculation scheme Aktobe CHP after reconstruction, regeneration turbine PT-29/35 payment and examined questions of economic units and safety.

Кіріспе	7
1. Негізгі бөлім	8
1.1. Теориялық бөлім	8
1.1.1. Қысқаша тарихи түсініктеме	8
1.1.2. Сызбалық жоспар	9
1.1.3. Технологиялық құбылыстың қысқаша сипаттамасы	10
1.1.4. «Ақтөбе ЖЭО» АҚ қысқаша сипаттамасы	15
1.1.5. Ыстық сумен қамдау сорғысы	18
1.1.6. Мазут шаруашылығы	18
1.1.7. Химиялық цех	19
1.2. Есептік бөлім	20
1.2.1. ЖЭО-ның жылулық сұлбасын есептеу мен құрастыру	20
1.2.2. ПТ-29/35-3,0-1,0 шығыр қондырғысының жаңғырту жүйесін есептеу	24
1.2.3. Жылулық сұлбаның есептелуі	26
1.2.4. Энергетикалық баланс	29
2. Өміртіршілік қауіпсіздігі	36
2.1. Шығыр цехындағы шу көздері	36
2.2. Шуды төмендету шаралары	38
2.3. Шығарындыларды есептеу	39
2.3.1. Ауадағы зиянды қалдықтардың таралуын есептеу	39
2.3.2. Санитарлы-қорғаныс аймағының класын таңдау	43
3. Экономикалық бөлім	46
3.1. Экономикалық көрсеткіштер	46
3.2. Жаңартуға дейінгі кәсіпорынның өзіндік құнын есептеу	46
3.2.1. Энергияның жылдық жіберуі	46
3.2.2. Отын шығысын есептеу	46
3.2.3. Жалақыны есептеу	48
3.2.4. Кәсіпорынның шығысы	49
3.3. Жаңартудан кейінгі кәсіпорынның өзіндік құнын есептеу	50
3.3.1. Энергияның жылдық жіберуі	50
3.3.2. Отын шығысын есептеу	50
3.3.3. Жалақыны есептеу	50
3.3.4. Кәсіпорынның шығысы	52
3.4. Инвестицияның өтелу мерзімін РР есептеу	52
Қорытынды	54
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	55
А қосымшасы	56
Ә қосымшасы	57
Б қосымшасы	58
В қосымшасы	59
Қысқартулар тізімі	60

Қазіргі уақытта энергетика саласы Қазақстанда қарқынды дамып келеді. Өндіріс орындарының және қала тұрғындарының жыл санап өсуіне байланысты энергия тапшылығы байқалуда. Осы мәселені шешу мақсатында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылу үстінде. Ол үшін стансаларда жаңарту жұмыстарын жүргізу қолға алынды. Жаңарту барысында жаңадан қондырғылар орнату көзделді.

Дипломдық жобада Ақтөбе қаласындағы ЖЭО-ның жаңарту жұмысы жайлы сөз қозғамақшымын. Демек, жаңарту кезінде №3 Р-14-29\10 типті шығыр қондырғыны ПТ-29/35-3,0/1,0 типті шығыр қондырғыға ауыстыру жүзеге асады. Осы жоба негізінде электр қуатын 10-15 МВт-қа көтеру көзделді.

Дипломдық жұмыстың мақсаты – жаңартудан кейінгі ЖЭО-ның экономикалық есептеулерін жаңартуға дейінгі көрсеткіштермен салыстырып, тиімді нәтижеге қол жеткізу.

Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде шығыр цехындағы шу көздері мен оның алдын-алу шараларын сөз етемін. Сонымен қатар отын жаққан кездегі ауаға тасталатын зиянды заттардың мөлшерін есептейміз. Және де санитарлы-қорғаныс аймағына таңдау жасаймын.

Экономикалық бөлімде ЖЭО жаңартуға қажет қаражат көлемін анықтап, шығындарды есептейміз. Ол үшін оңтайлы әдістерді қарастырамыз. Есептеу барысында инвестицияның өтелу мерзімі белгілі болады.

1. Негізгі бөлім

1.1. Теориялық бөлім

1.1.1. Қысқаша тарихи түсініктеме

Қазіргі кезде Қазақстан өндірісінің дамуының негізгі бағыттары энергетика саласының өркендеуіне міндетті талап қояды. Батыс аймағында электр тұтыну мен электрлік жүктемелерді 2030 жылға дейінгі кезеңіне болжамы бойынша электр тұтыну 22,0 млрд.кВт·сағ дейін өседі. Ең жоғары электрлік жүктеме 3400 МВт құрайды. Ал 2006 жылы ең жоғары жүктеме 1100 МВт құраған. Ақтөбе, Атырау, Батыс-Қазақстан мен Маңғыстау облысы кіретін Батыс аймағының энергошаруашылығында Ресеймен электрлік байланысы бар. Маңғыстау, Атырау мен Батыс-Қазақстан облыстары жалпы электрлік байланысымен біріккен, ал Ақтөбе облысының энергошаруашылығы оқшауланып жұмыс істейді.

Ақтөбе облысында 2030 жылға дейін электр тұтыну 2 есе, яғни 6 млрд.кВт·сағ-қа өседі. 2006 жылы ең жоғары жүктеме 430 МВт құраған.

Қазақстанда қазіргі салада көбінесе ЖЭС-тер салыну мәселесі көтеріледі. Қазақстан жері табиғи отын жағынан бай:көмір,мұнай,газ. Сондықтан отын көздеріне жақын жерде жылу электр станциялар орнатуға болады. Газ шығатын көздерден газды құбыр арқылы керекті жерге апаруға болады. Бұл бу-газ қондырғылы электр станция орнатуға мүмкіндіктер туғызады. Бу-газ қондырғылары өте тиімді, айналадағы ортаға зиянсыз болады және қуатын азайтып көбейтуге қолайлы. Көмір көздері жанында қуаты мол қондырғылы электр станциялар орнатқан дұрыс.

Ақтөбе ЖЭО-ның құрылысы 1941 жылдың басында басталды. Кәсіпорын Бершоғыр көмірімен жұмыс жасап, Ақтөбе Ферроқорытпа Зауытын электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ету керек болған. Қондырғылар негізінен Харьков трактор зауытынан, Киев қаласындағы ГРЭС-2 және Ленинград электр станциясынан әкелінген.

1943 жылдың 18 қаңтарында станция алғашқы өндірістік тоқ берді, ал 20 қаңтарда Ақтөбе Ферроқорытпа Зауытының қорытпасы алынды.

Жеңіс Күніне қарай ЖЭО-ның қуаты 50 МВт болған.

1960 жылдың желтоқсанында ЖЭО цех ретінде АФЗ балансынан қайта құрылған Энергетикалық басқару балансына көшіріліп, оның құрамында 1996 жылдың қыркүйегіне дейін жұмыс жасады. Станцияда қуаты 100 МВт құрайтын 7 бу қазандары мен 4 шығыр қондырғысы бар.

1962 мен 1966 жылдар аралығында станцияда жұмыстық қысымы 90 ата мен электрлік қуаты 50 МВт 4 бу қазаны мен 2 шығыр қондырғысы пайдалануға берілді.

ЖЭО-ның энергетикалық қондырғылары жаңғыртусыз 1987 жылға дейін жұмыс жасады, сол кезде өз ресурсын бітірген №6 шығыр қондырғыны жаңасына ауыстырды.

1991-1992 жылдары №1 және 2 шығыр қондырғылары жаңасына ауыстырылды, ал 1994 жылы №5 және №4 шығыр қондырғылары

жаңғыртылды. Мұның бәрі ЖЭО-ның қуатының 73 МВт-қа дейін төмендеуіне алып келді.

Өнеркәсіптер пен Ақтөбе қаласы тұрғындарын энергиямен қамтамасыз ету сенімділігін көтеру үшін ЖЭО-ның жылулық және электрлік энергиясын қосымша көтеру қажет болған.

Сондықтан қазіргі уақытта ЖЭО-дағы №3 Р-14-29\10 типті шығыр қондырғыны ПТ-29/35-3,0/1,0 типті шығыр қондырғыға ауыстыру негізінде қосалқы қондырғылардың тиімділігін көтеру үшін арнайы сұрақтар қарастырылуда.

1.1.2. Сызбалық жоспар

Жылу электр орталығы (ЖЭО) – тұтынушыларға бір мезгілде электр энергиясы мен жылуды бу және ыстық су түрінде бірге өндіріп беретін бу (газ) турбиналы электр стансасы. ЖЭО беретін жылу қызған бу немесе ыстық су түрінде таратылады. Энергетикалық бу қазандарында (жану камераларында) өндірілген тиісті параметрлі бу (газ) турбинаны және онымен бір білікте орнатылған электр генераторын айналдырады. Турбиналарда жұмыс істеп шыққан будың қалдық қызуының едәуір бөлігі кәсіпорындардың технолологиялық процестерін бумен жабдықтауға және ыстық сумен үйлерді жылыту жүйелеріне жұмсалады (қ. Жылумен қамтамасыз ету). Қазандық және турбиналық жабдықтары құрамына қарай ЖЭО-лар бу турбиналы (бу-күш қондырғылы) ЖЭО, газ турбиналы (газ турбиналы қондырғылы) ЖЭО, бу-газ турбиналы (бу-газ турбиналы қондырғылы) ЖЭО және атомдық ЖЭО болып ажыратылады. Соңғы уақытқа дейін Қазақстанда бу-күш қондырғылары кең таралған. Бу турбиналы ЖЭО-лар агрегаттарының бірлік және жалпы қуаты бойынша төменгі қуатты (25 МВт-қа дейін), орташа қуатты (50 – 100 МВт), жоғары қуатты (200 МВт-тан артық), ал турбинаға келіп түсетін будың бастапқы параметрлеріне қарай төмен қысымды (4 МПа-ға дейін), орташа қысымды (13 МПа-ға дейін) және аса жоғары қысымды (25,5 МПа-ға дейін) болып бөлінеді. Қазіргі кезеңде бу-газ турбиналы қондырғылар тиімді болып отыр. Бұларда газ турбинасында жұмыс істеп шыққан ыстық газ қайта өңдеуші арнаулы қазанға беріледі де, ондағы су бу турбинасын жұмыс істетуге жеткілікті параметрлі буға айналдырылады (қажет болса, қазанда қосымша от жағылады), әрі қарай цикл бу-күш қондырғыларындағыдай жүреді. ЖЭО-ларда электр және жылу энергиясын бірге өндіру жағылатын отынды тиімді пайдалануға (отынды үнемдеу 30%-ке дейін жетеді), электр станцияларының пайдалы әсер коэф-тін жоғарылатуға және электр энергиясының өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Қазақстанның ірі өндіріс орындары мен елді мекендерінің көпшілігі ЖЭО жылуымен қамтамасыз етіледі. Қазақстандағы ЖЭО-лар сағатына шамамен 45000 т-дан көп бу өндіре алады, олардың жалпы қуаты 5694 МВт-қа жетіп отыр.

Ақтөбе ЖЭО ферроқорытпа зауытына үздіксіз жалғанған және қаланың солтүстік-шығысындағы бір аралық аудандық аумақты алып жатқан өндірістік аймақта орналасқан.

Өндірістік аймақтың ауданы – 41,5 га.

Жылулық тораптарды су қамдау көздерімен қоректендіруге АФЗ-на қатысты « Ақбұлақ » ААҚ –на қатысты қалалық су құбырына, ал қазандарды қоректендіруге Илек беттік су жинағышынан алады.

Жіңішке бекетінен ЖЭО аймағына тек қана бір темір жол шығуы қарастырылған.

Қазіргі кезде ЖЭО-ның қуаты 102 МВт электрлік және 1239 Гкал\сағ жылулық энергияны құрайды.

ПТ - 29/35-2,9/1,0 шығыр қондырғысының орнатылуы келесіні еске асырады:

ЖЭО-ның электрлік қуатының 10-15 МВт-қа көтерілуі;

Жылыту маусымындағы жылу тұтынушыларға қажет электр энергиясының өндірілуінің жоғарылауы, жаз мезгілінде шықтық режимдегі электр энергиясын қосымша өндіруі;

Ақтөбе ЖЭО-ын жаңартудың басты мақсаты Ақтөбе қаласы мен облысындағы электр энергиясының тапшылығын жою болып табылады.

Жаңа шығыр қондырғысын іске қосу қалыптасқан технологиялық сұлба бойынша жүзеге асады. Бірақ қондырғыны тиімді пайдалану үшін қосалқы жабдықтарға байланысты кейбір мәселелерді қарастыру керек.

Жоба негізінен инвестиция алынғаннан кейін 18 айдың ішінде іске асуы тиіс. Жоба кезінде құрылыс жұмыстарына қосымша қаражат қажет етпейді.

Жоспарды орындау кезінде орнатылған қуатты 131 МВт-қа дейін көтерумен қатар оның техника-экономикалық көрсеткіштерін жақсартады және де өнімнің өзіндік құнын азайтады.

ПТ-29/35-2,9/1,0 бу шығыры бір цилиндрлі, екі қадағаланатын алымы бар шықтық болып келеді.

1.1.3. Технологиялық құбылыстың қысқаша сипаттамасы

Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешенінің газ секторы мемлекет экономикасының ең негізгі бір құраушысы болып табылады. Қазақстан үшін ең көп дамыған энерготасығыштар болып газ табылады. Газдың бағалы қоры 3,3 трлн.м³ құрайды, ал потенциалды ресурстары 6-8 трлн.м³ дейін жетеді. Республикада газдың барланған қорының ерекшелігі болып, әсіресе, өңделген ірі кен орындарында газ табысы мұнай мен шық табысымен ілесіп жүретіндігі жатады. Сондықтан бұл кен орындарын белсенді меңгеру мен мұнай табысы көлемінің кенет өсуі соңғы жылдары табылатын ілеспе газының барлық өсетін көлемін пайдаға асырылуын айтады. Газдың пайдаға асыру бойынша программаны іске асыру табыс тепе-теңдігінің тұрақтылығы мен газ ресурстарын пайдалануды қамтамасыз етеді. Бұл кезде Республика қосымша көп инвестицияны, жұмыс орнын, табысталатын жабдықтар мен технологияларды,

көмірсутекті ресурстарды рационалды қолдану арқасында мұнайдың өзіндік бағасы төмен түсуін, елді газбен қамтамасыз етудің қосымша көздері мен өндірістік кәсіпорындарын, экологиялық жағдайлардың жақсаруын және т.б. алады.

Соңғы жылдары жылына 6-8% газ табысының орта өсіммен 2007 жылдың қорытындысы бойынша табыс көлемінің өсуі 9,7% құрады, бұл 1991 жылдың газ табысының дәрежесінен үш есе асып түсті. Табиғи газдың негізгі табысы Ақтөбе, Атырау, Батыс-Қазақстан, Қызылорда мен Маңғыстау облыстарында жүргізіледі. Қазақстан Республикасының батыс облыстарында ілеспе және табиғи газдың негізгі қоры орналасуына байланысты бұл аймақтарда Республиканың басқа облыстарына қарағанда газ шығару бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп отыр. Сонымен қатар аймақтарда газ шығару дәрежесі толық көлемде қамтамасыз етілмеген. Маңғыстау облысында халықтың газ шығару дәрежесі 91%, Батыс-Қазақстанда - 67%, Ақтөбеде - 58,3%, Атырау обласында - 56% құрайды. Оңтүстікте тұрғындардың табиғи газды шығару дәрежесі құрайды: Жамбыл облысында -24%, Оңтүстік-Қазақстанда -41,5% , Қызылорда қаласында - 44,5%, Алматы облысында - 5,7%. Еліміздің Оңтүстік Аймақтарына газдың тұрақты жеткізілуін қамтамасыз ету үшін «Батыс - Оңтүстік» бағдары бойынша магистральді газқұбырларын салу қажет етіліп отыр.

2002 жылдың 11 қаңтарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №25 Қаулысы қабылдаған Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейін газ саласының даму Концепция жағдайы мен негізгі бағыттарын іске асыру әсерлілігінің мақсатымен 2004 жылдың 18 шілдесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің №669 Қаулысы бекіткен Қазақстан Республикасының 2004-2010 ж.ж. газ саласының даму программасы дамытылды.

Мұнай-газ кешенінен табылатын негізгі газ ілеспелі болып табылады. Соған байланысты тұтынушылар мен өндірістерге жеткізумен тауарлы газды өндіру үшін оны газды қайта өңдейтін зауыттарда жетілдіру керек болады. Қазіргі уақытта республикамызда жылына 12,3 млрд.м³ газды өңдейтін қуаты бар үш газды қайта өңдеу зауыты (ГҚӨЗ) жұмыс істейді:


- Қазақ газды қайта өңдеу зауыты (ҚазГҚӨЗ);
- Теңіз газды қайта өңдеу зауыты (Теңіз ГҚӨЗ);
- Жаңажол газды қайта өңдеу зауыты (ЖГҚӨЗ).

Қазақстан Республикасының Үкіметі қолдаған мемлекеттің 2030 жылға дейін даму Стратегиясына сәйкес Қазақстан Республикасының газ саласы 2015 жылға дейін даму Концепциясында мемлекетте бар газ ресурстарын пайдаланудың сұрақтарына жүретін сапалы өзгерістер қарастырылды. Ілеспелі газды пайдаға асыру жағдайын шешумен газды өңдеу, іске қосу мен шығару сферасы мемлекет экономикасының негізгі базалық даму салаларының біреуіне айналуы керек.

Сондықтан да Қазақстан Республикасындағы газ саласының даму программасын жүзеге асыру мақсаты болып табыстың көтерілуі мен

газдың ішкі ресурстарын рационалды қолданудан, сондай-ақ ішкі нарықтың тұтынуын толық қамтамасыз ету мәселесінде газ-тасымалдау жүйесінің мүмкіндіктерінен болатын әлеуметтік-экономикалық әсердің қысқаша көтерілуі табылады.

Газды жеткізу Газлинск және Тюмень кен орнынан Бұхара-Орал газ құбыры бойынша және Жаңажол кен орнынан Жаңажол-Ақтөбе газ құбыры арқылы жеткізіледі. Ошақ құтысындағы алау түріндегі жағылатын газ ошақ құтысының қабырғаларын жабатын қалқандық құбырларда өз жылуын суға береді. Ошақтық құтыдан шыққан отынның газ тәрізді жану өнімі қазанның беттік қыздыру беттерін, бу қыздырғышты, үнемдегішті, ауа қыздырғышты тізбектей жуып өтеді.



1.1-сурет. ЖЭО газ шаруашылығының сұлбесі

1-газ шапқыш; 2-газ өлшегіш; 3-газ тазалағыш; 4-газ қысымын реттегіш; 5-апаттан қорғау қақпақшасы; 6-айналып өтетін құбыр; 7-қазанға баратын газ құбырын жапқыш; 8-оттықтардың алдындағы газ қысымын реттегіш; 9-газ қысымы өскен кездегі газды ауаға жібергіш құбыр.

Жаңажол – Қазақстандағы Ақтөбе облысының Темір ауданындағы газшықты кен орыны. 1978 жылы ашылған. Каспий маңының мұнай-тасымалдаушы әкімшілік-аумақтық бірлігіне қарайды.

Көмірсутектерінің кені 1,9-3,6 км тереңдікте жатыр. Мұнайдың дебиті 2-ден 281 мың м³/тәу дейін. Газдың дебиті 219 м³/тәу.

Мұнайдың тығыздығы 809-827 кг/м³, тұтқырлығы аз, күкірттілігі (0,7-1,11%), балауыздығы (4,9-7,1%). Силикат-гелді шәйір 4,23-6,8%-ды, асфальтендер 0,43-1,78%-ды құрайды.

Газ қалпағы ауыр болып келеді, құрамында этан бар, ондағы ауыр көмірсутектердің үлесі 18,5%-ға жетеді, метан 73,24%-ды құрайды, күкірттісутек 2,94%-ды құрайды, азот 1,93%-ға дейін жетеді.

Тұрақты шық 614 г/м³ құрайды. Оның тығыздығы 770 кг/м³, құрамында 3,6%-ға дейін балауыз, 0,41% күкірт пен 0,55% силикат-гельді шәйір бар. Құрамындағы көмірсутегінің мөлшері бойынша шықта балауызды негіз бар. Балауыз-мұнайлы көмірсутектің жалпы құрамы 86%-дан артады.

Суытылған түтін газдары түтін сорғыларымен түтін мұржасына сорылады. Жану құбылысын ұстап тұру үшін ошақтық құтыға үрлегіштің ауа қыздырғышы арқылы ауа беріледі.

Бу қазанында өндірілген бу құбыры бойынша жоғары қысымды және жоғары ыстықтық сулық бу шығырға әкеледі. Шығырда жұмыс істеп тұрған бу электр өндіргішімен байланысқан шығырдың роторын айналдырады. Шығырдағы пайдаланылған бу градирниядан айналмалы сорғылар арқылы бу құбырлары бойынша берілетін шықтағышты сумен салқындатылады. Шықталынған бу шық сорғылары арқылы газсыздандырғышқа айдалады. Сонда шықтың шығынын толтырып отыратын ХСТ беріледі.

Шығырдан шыққан пайдаланылған бу жылыту мақсатында ыстық су мен жылу қайратын жіберу үшін тораптық су қыздырғыштарында және жаңғыртулық қыздырғыштарда біртіндеп пайдаланылады. Пайдаланылған будың бөлімі өндірістік мақсат үшін (жаңғыртулық бу алу) қолданылады.

Өндіргіштің электр қайраты жоғары кернеулі электр жеткізгіштік өзгерткіш сызықтары арқылы әкетіледі.

Әкетілетін қайрат көрсеткіштері:

- тораптық қыздырғыштар
- бойлерлардың шықтық сорғылары
- шегергіш қондырғылары
- айдайтын сорғылар

Қазанның номиналды буөндірулігі 1245 т/сағ болатын 9 қазан жұмыс атқарады.

БКЗ-160-100 қазанының негізгі сипаттамасы:

өндірулігі – 160 т/сағ;

будың номиналды қысымы – 100 кгс/см²;

қызған будың ыстықтығы – 540 °С.

Қазандық цехтың көмекші жабдықтарына келесілер жатады:

- түтінсорғыштар;
- үрлегіштер;
- және басқа да жабдықтар: фосфатты және багерлік сорғылар.

Қазандықтан келген аса қызған бу түріндегі жылулық энергия шығыр цехындағы 6 шығыр қондырғысы арқылы электр энергиясына айналады. Уақытылы жөндеулердің арқасында шығыр қондырғысы мен көмекші жабдықтар қанағаттанарлық жағдайда.

Аймақтың ауа райы континенталды. Жылдың жаздық кезеңі үшін ауа жоғары ыстықтықты, жаңбырлы болады, ал жаз кезінде – тұрақты қарлы жабынды, мейлінше тез жылдамдықты желмен және жиі боран болып тұрады.

ЖЭО-ның жұмысының қағидалық сызбағы: түскен отын қазанда жанып өзінің жылуын қорек суды қызған буға айналдыруға жібереді. Бу шығырдың роторын айналдырып электр қайратын өндіреді. Одан кейін ст. № 1-4 бөлімі шығырлы қондырғының шықтағышында шықталады, бір бөлімі 8-13 ата өндірістік бу түрінде тұтынушыларға кетеді. Сонымен бірге ст. № 1-4 шығырлы қондырғысынан өңделу мүмкіншілігі бойынша бу өндіріске жіберілуі үшін және тораптық суды қыздыру үшін алынады және бу ыстық сумен қамдауға және жылыту үшін жіберіледі.

Өндіргіштерден жылу қайраты ЖЭО тіке тұтынушыларына 10,5 кВт шиналық жүйесі арқылы (мыс; « Казхром » ТНК ААҚ АЗФ , « АЗХС » ААҚ) немесе 35 және 110 кВт жоғары кернеулі электр өзгерткіш сызықтары арқылы әкетіледі.

Қазандық қондырғы – ыстық су мен бу өндіру үшін қолданылатын механизмдер мен қондырғылар жиынтығы. Қазандық қондырғы қазан агрегатынан және қосымша жабдықтардан (газ және ауа құбырларынан, оттықтан, үрлеу құрылғысынан, т.б.) тұрады; тұрғын үй, қоғамдық және өнеркәсіптік ғимараттардың және технология тұтынушылардың (өнеркәсіптік мекемелер, т.б.) жылыту, желдету, ыстық сумен қамтамасыз ету жүйелерін жылумен жабдықтауда қолданылады. Шағын қуатты Қазандық қондырғыда қосымша құрылғылар болмайды, оның есесіне қоректендіргіш арматуралар және қазанға құйылатын су әзірлейтін жабдықтар болады. Қазан цехында, ЖЭО-нда әдетте бірнеше Қазандық қондырғылары орнатылады. Бұл қазандар ортақмагистрал бойынша қоректендіріледі. Бұды ауық-ауық қыздырып тұратын қуатты Қазандық қондырғы қазан-турбина блогіжүйесін түзеді. Қуатты қазандық қондырғының орнатылатын бөлмесінің аумағы бірнеше мың м³, сағатына 4000 т-ға дейін бу өндіре алады. Қазақстанда 20 ғасырдың ортасында жасалған ПТВМ және КВ-ГМ (шамамен 117 дана) түріндегі орташа жылу өндіруі 116 МВт (100 Гкал/сағ) дейінгі су ысытқыш қазандар қолданылыста болған. Қазіргі кезде, тек қана Алматы қаласында КСГн сериялы пайдалы әсер коэффициенті 92%, табиғи газбен жұмыс істейтін 50-ге жуық су ысытқыш қазандар, КВ-Г-3,56 сериялы 4 қазан және КВ-Г-7,65 сериялы бір қазан жұмыс істейді. Жылу техника көрсеткіштері бойынша жетілдірілген жаңа КВ-Г-35 қазаны “АЖЖЭ” ААҚ-ның Оңтүстік қазандығында өндіріске енгізілуде. Қазақ энергетика ғылыми-зерттеулер институтында КСТ, КСГн және КВ-Г-35 сериялы Қазандық қондырғылар жасалды.

1.1-кесте. Қазандық цехтағы негізгі жабдықтар


№	Жабдық түрі	Номиналды өндірулігі	Номиналды бу қысымы кгс\см ²	Аса қызған бу температурасы (гр.С)
	НЗЛ-80	85	35	420
	РОЛЛЕЙ-	110	35	420
	СТОКЕР -110	110	35	420
	ТП-150	150	35	420
	ТП-150	150	35	420
	БКЗ-160-100	160	100	540
	БКЗ-160-100	160	100	540
	БКЗ-160-100	160	100	540
	БКЗ-160-100	160	100	540

1.1.4. «Ақтөбе ЖЭО» АҚ қысқаша сипаттамасы

Су қыздыру қазандығы қаланы орталықтан жылумен қамдау қажеттілігіне тораптық суды қыздыруға арналған. Суды қыздыру табиғи газды немесе мазутты жағу кезінде түзілетін жылу есебінен 5 су қыздырғыш қазандарында іске асады. Қазандағы тораптық судың айналымы су қыздыру қазандығының ғимаратында орналасқан ЦН-1000-150 түріндегі (6 сорғы) тораптық сорғылардың топтарымен қамтылады.

Бастапқы ауаның берілуі және жану өнімдерінің жойылуы сору үрлеу механизмдерімен жасалады. Атмосфераға жану өнімдерінің тасталуы 150 метрлік түгін мұржалары арқылы іске асады.

Бу шығыры — будың потенциалдық энергиясын кинетикалық энергияға, одан кейін оны айналушы біліктің механикалық энергиясына түрлендіретін шығыр. Бу турбинасы — жылу электр стансасындағы электр генераторларын қозғалысқа келтіретін негізгі қозғалтқыш. Бу шығыры бу машинасына қарағанда анағұрлым ықшам, қолдануға ыңғайлы әрі тиімді және параметрі жоғары буды пайдалануға, таза шық алуға, сондай-ақ, электр энергиясын өндірумен қатар тұтынушыларға параметрлері әр түрлі бу беруге мүмкіндік береді. Барлық дерлік бу шығырлары көп сатылы болып келеді. Негізінен олар активті және реактивті болып ажыратылады. Активті шығырда жылу энергиясының едәуір мөлшерін бір сатының көлемінде механикалық энергияға айналдыруға болады. Сондықтан мұнда турбина сатыларының саны аздау болып келеді де, ауқымы кішірек, ал таза реактивті шығырда сатылар саны көп болады да, нәтижесінде ол ауқымды болып келеді. Сондықтан экономикалық тұрғыдан алғанда өндірісте құрама турбиналар жиі қолданылады. Бұларда жоғары қысымда активті блок, ал төмен қысымда реактивті блок жұмыс істейді.



1.2-сурет. Бу шығыры

Қазіргі уақытта консервацияның үш түрі қолданылуда:

1. Ылғал тәсілмен
2. Құрғақ тәсілмен
3. Газдық тәсілмен

Қазанды үш күннен үш айға дейін тоқтатқанда $\text{PH}=10,5$ қышқылының аммиак ерітіндісі қолданылады. Қазанды гидрозинді-аммиактік концентрациялау, оны тоқтатқанда жылу жұмысы аккумуляторланған түрде басқа шығындардың іске асуы болып табылады.

Қазанды сөндіруге үш сағат қалғанда фосфатты күбіде гидрозинді-аммиак ерітіндісі дайындалады. Гидрозиннің концентрленген ерітіндісі ГПЗ-1 жабылғаннан кейін лезде дағыраның сорғы – газсыздандырғышының таза бөлігіне беріледі, яғни магистральдан қазан ажырағаннан кейін. Металл енжарлығы жайлап суйды. Консервация құбылысы үрлеумен кетке қайнамаған шламға айналатын бос түріндегі қақтан қыздыру бетінің бөліктеп жуылуымен ілестіріледі. Шламның жойылуы 110, 85, 45 және 10 кг/см кезінде үрлеу арқылы жүргізіледі.

Енжарлық кезеңінің аяқталуы қазанның дағырадағы қысымының атмосфералыққа дейін, ал қазанның суының ыстықтығы 100°C дейін төмендейді. Қазан суығаннан кейін концентрацияланған гидрозинді-аммиактік ерітіндісі ағызылады. Қорғағыш қабықшаны бұзбау үшін консервацияланған ерітіндіні ағызғаннан кейін ішкі бетін жууға болмайды және де қазанды тоқтатқанша сумен толтыруға болмайды. Барлық жұмыстар консервацияланған ерітіндінің берілуін тоқтатқанда және есептік консервацияның жетістіктерін айтып отыратын, консервацияға химиялық бақылау жүргізетін химиялық цехтың қызметкерлерінің келісімімен жүргізіледі.

Консервацияланатын жабдықтың құрамына өзінің сөндірілмейтін қыздырғыштарымен және ТКҚ, ЖҚҚ, тораптық қыздырғыштары және шығырдың ішкі көлеміне жалғанған басқа да жылуалмастырғыштар кіреді. Бұл кезде КОС-тың жетектік көтерілуінің мүмкіндігін есепке алу керек, кері жағдайда КОС-пен қыздырғыштың арасындағы құбырға ауаның немесе КОС-тың запорлық мүшесін бөлуді қарастыруға болады. Қыздырғыштардың булық жағының консервациясы шығырлық қондырғының басқа көлемдеріне, әсіресе құбырлық дестенің құрғатылуының бар болуына қарағанда тұрақталу уақытының көп болуын қажет етеді. Жалпы тотығудың жылдамдығын бақылау үшін тотығудың индикаторларын орналастыру ТКЦ роторының осінің деңгейінде шықтатқыштың бу жинағышында жүзеге асырылады.

Шығырлы қондырғыларын консервациядан шығару үшін ауа қыздырғышты қондырғыдан ажырату керек, желдеткіш штуцердағы арматураны жауып, енгізу штуцерындағы заглушканы құрып (немесе арматураны жабу), ауа өткізгіш жетектерін ажырату керек. Реттеу жүйесіне сорғыны қосқаннан кейін стопорлық және реттегіш қақпақтарды өлшеп тіректі жойып , қақпақтарды жабамыз, КОС тірегін жоямыз. Алдағы шығырлы қондырғыны іске қосуды дайындау бойынша инструкцияны пайдалану арқылы жүзеге асуда.

Консервацияның тиімді тәсілі болып әр түрлі жылуэнергетикалық қондырғыларды ауамен консервациялау жобасын ұсынамын, яғни ауамен тиімді консервациялауды өндіріс бойынша қызған ауамен және өнеркәсіптік шарттар бойынша қамтамасыз ету қарастырылған.

Ауамен консервациялау технологиясын тиімді өндіру үшін арнайы ұйымдарды тарту керек, яғни консервациялау қондырғыларын өңдеушілерді және сонымен қатар басқа да энергетикалық өндірістердегі осы сала бойынша арнайы мамандандырылған тәжірибесі бар адамдармен жұмыс істеу керек.Әрбір нақты жағдайларда консервацияны жүргізу бойынша консервацияны қамтамасыз ету үшін сәйкесінше жабдықтар, құбылысты бақылау жолы және технологиялық сұлбе жобалары жасалады.

1.1.5. Ыстық сумен қамдау сорғысы


Сорғылық ғимаратта ДВ–800 түріндегі 4–вакуумды газсыздандырғышы орналасқан, әрқайсысының өндірулігі сағатына 800 тонна, олар жылумен қамдау жүйесінің құбырлары мен жөндеу құбырлары арасындағы кеңеюі және қоректік судың түрпілік активтілігін төмендеті мақсатында біртіндеп көмірқышқылын , судағы оттекті жоюға арналған .

Қаланың жылумен қамдау жүйесіне қоректік судың берілуі Д–350–60 түріндегі қорек судың 4 сорғысымен іске асады. Оның әрқайсысының өндірулігі 1200 т/сағ және 1600 т/сағ Д-1600 түріндегі бір сорғымен сорылады. ХТС қорын сақтау үшін әрқайсысының көлемі 10000 м³ екі метал ХТГС аккумуляторлық күбі қолданылады. Көлемі 5000 м³

бастапқы су қорының екі жартылай жер астылық күбілер қоры бар, оның әрқайсысы кездейсоқ жағдайда керек болатын бастапқы судың апаттық қорын сақтауға арналған.

1.1.6. Мазут шаруашылығы

Мазут шаруашылығы қазандық қондырғыға ошақтық мазутты беруге, дайындауға, өңдеуге, сақтауға, қабылдауға арналған. Мазут шаруашылығы келесілерден тұрады. Мазут сақтау үшін әрқайсысының көлемі 10000 м³ болатын екі метал ыдыс және әрқайсысының көлемі 5000 м³ түріндегі екі темір жол ыдысы жөнделген. Мазутты беру үшін 4 мазуттық қыздырғыштар және механикалық қоспалардан тазалайтын 8 дана мөлшерінде сүзгілер жөнделген және ағыны 320 метрлік бағаналық сұйықтық өндірулігі 149 м³/сағ бойынша 6Н-7*2 түріндегі 2-шілік көтергіші бар төрт сорғы, өндірулігі 150 м³/сағ 12НА-22*6 түріндегі 1-ші көтергіші 4 сорғы және 8НД-6*1 екі сорғы жөнделген. Мазутты беру үшін бу құбырының ұзындығы D=219 мм, қайтару құбыры D=89 мм, ұзындығы D=150 мм екі ағындық мазут құбыры орнатылған бумазутқұбырының ұзындығы D=650 мм метрлік эстакадалар жөнделген. Мазут шаруашылығының апатқа қарсы тәртібін ұстап тұру үшін көбіктүзетін екі күбі, екі өрт сорғысы және су үшін аккумуляторлық күбісі жөнделген.



1.3-сурет. ЖЭО-ның мазут шаруашылығының сұлбесі

1-темір жол цистернасы;	6-сорғының 2-ші сатысы;
2-мазут құятын лоток;	7-кері айналым сорғысы;
3-мазут қабылдау қоймасы;	8-мазутжылытқышы;
4-негізгі қоймасы;	9-батырмалы сорғы;
5-сорғының 1-ші сатысы;	10-мазут тазалағыш сүзгі.

1.1.7. Химиялық цех

Химиялық су тазалау цехында №1 ХСТ, №2 ХСТ және КОҚ үш химиялық суды өңдеу жүйесі жөнделген.

№1 ХСТ – бу қазандарын қоректендіру үшін арналған.

№1 ХСТ сызбағына Н-1-2 сатылы Na катиондық сүзгісі, ХСТ сорғылары, декорбанизацияланған судың сорғылары, су қорының күбісі кіреді.

№2 ХСТ Н-салқын тәртіптегі катиондану, декорбанизация сызбағы бойынша жұмыс істейді.

№2 ХСТ сызбағына Н-катиондық сүзбесі, жұмсартылған су күбісі, қышқылды түйін, сорғы шаруашылығы кіреді .

КОҚ – бу қазандарын қоректендіруге арналған цехтың көмекші жабдықтары бар.

Қазіргі таңда суды тұщыландыру тәжірибесінде кеңінен қолданылатын негізгі әдістерге: дистилляция, ион алмасу, электролиз, аяздату, гелиотұщыландыру және кері осмос (гиперсүзу).

Әдістердің алуантүрлілігі олардың ешқайсысының кез келген жергілікті жағдайға сай келе беретін әмбебап әдіс бола алмайтындығымен түсіндіріледі.

Төменде суды тұщыландыру әдістерінің ең кең тараған әдістері сипатталады.

Дистилляция (термиялық әдіс) анағұрлым толық зерттелген, тұзды, әсіресе теңіз суларын тұщыландырудың кең таралған әдісі. Бұл әдіс көбіне арзан жылу көзі мен ірі су қоймасы бар болған жағдайда қолданылады.

Дистилляциялық қондырғы мен минералды немесе ядролық отын негізінде жұмыс істейтін жылу электр станциясының үйлесімді жұмысы, яғни, басқаша айтқанда көп мақсатты энергетикалық қондырғы өндірістік аумақты отынды неғұрлым тиімді түрде пайдаланған жағдайда, минимал өзіндік құнына энергетикалық қызметтің барлық түрімен қамтамасыз етеді.

Дистиллят пен минералданған (жер асты немесе теңіз) судың қарапайым қосылысы қажетті сапаны бермейтіндіктен, Кеңес Одағында ауыз суды дистиллят пен минералданған судан алудың арнайы технологиясы жасақталып, енгізілді.

Дистилляция әдісімен тұщыландырудағы басты қиындық жылу алмасу беттерінде қақтың пайда болуының алдын алу болып табылады.

1.2. Есептік бөлім

1.2.1. ЖЭО-ның жылулық сұлбасын есептеу мен құрастыру

Жылулық жүктемені анықтау ЖЭО-ның жобалау нормасы мен жылдық есептің көрсеткіштері арқылы жүзеге асады.

Жобалау нормасы бойынша судың кемуі жылулық желі көлемінің 0,5 % құрайды. Жылулық желі көлемі тұтынушылардың қосылу есебінен анықталады:

$$V_{\text{жж}} = (A_1 + A_2) \cdot (Q_{\text{отв}}^{\text{мак}} + Q_{\text{ыск}}^{\text{мак}}) ; \text{ м}^3 \quad (1)$$

мұнда A_1 – сыртқы желінің меншікті көлемі, $8,6 \text{ м}^3/\text{МВт}$;

A_2 – ғимараттың ішкі құбырлардың меншікті көлемі, $26 \text{ м}^3/\text{МВт}$.

1-формуланы есепке ала отырып жылулық желідегі судың кемуі келесідей анықталады:

$$G_{\text{кем}} = 0,005 \cdot V_{\text{жж}} \cdot \rho \quad (2)$$

Жылулық желіден су кемуінің жылу шығыны:

$$Q_{\text{кем}} = G_{\text{жіб}} \cdot C_{\text{су}} \cdot (t_{\text{жж}}^{\text{орт}} - t_{\text{с}}) / 3,6 , \text{ МВт} \quad (3)$$

мұнда $C_{\text{су}} = 4,19 \text{ кДж}/(\text{кг} \cdot ^\circ\text{C})$ – судың жылу сыйымдылығы; $t_{\text{жж}}^{\text{орт}} = 115 \text{ }^\circ\text{C}$ – жылулық желідегі судың орташа температурасы; $t_{\text{с}} = 5 \text{ }^\circ\text{C}$ – суық судың температурасы.

(3) есепке алғандағы ЖЭО-ның максималды жылулық жүктемесі:

$$Q_{\text{мак}} = Q_{\text{отв}}^{\text{мак}} + Q_{\text{ыск}}^{\text{мак}} + Q_{\text{кем}} , \text{ МВт} \quad (4)$$

Өнеркәсіптік-жылуландырулық ЖЭО үшін өндірістік бу кезінде берілген жүктемені есепке алу керек $D_{\text{өнд}} , \text{ т}/\text{сағ}$.

ЖЭО-да негізгі жабдықты таңдауын тексеру үшін маусымдық жүктеме мен жылуландыру коэффициентін есепке алу керек. Жылуландыру коэффициенті жылуландыру жүктемесінің үлесін көрсетеді.

Қазақстан үшін орташа жылуландыру коэффициенті $\alpha_{\text{ж}} = 0,5 - 0,55$.

Негізгі желілік қыздырғыштардың жүктемесі:

$$Q_{\text{нжк}} = \alpha_{\text{т}} \cdot Q_{\text{мак}} , \text{ МВт} \quad (5)$$

Шындық жылуландырулық жүктеме:

$$Q_{\text{шжк}} = Q_{\text{мак}} - Q_{\text{нжк}} , \text{ МВт} \quad (6)$$

Шындық жылуландырулық жүктеме арқылы шындық су қыздырғыш қазан таңдалады.

Энергетикалық қазанды таңдау кезінде шығырдың сипаттамасы бойынша шығырға келген максималды бу шығысы мен қосынды бу шығысын анықтаймыз:

$$D_0 = \sum D_{ж}, \text{ т/сағ} \quad (7)$$

Қазанның қосынды бұөндiрулiгi:

$$D_{каз} = (1 + \alpha + \beta) \cdot D_0, \text{ т/сағ} \quad (8)$$

мұнда $\alpha = 0,02$ – бұ кемуiн есепке алатын коэффициент; $\beta = 0,03$ – өзiндiк мұқтаждыққа кететiн бұ шығысын есепке алатын коэффициент.

Қазанның қосынды бұөндiрулiгi және бұ көрсеткiштерi мен отын түрлерiне байланысты энергетикалық бұ қазандарының маркасы мен санын анықтаймыз.

Ақтөбе ЖЭО-ның кеңеюi P-14-29/10 типтi шығыр қондырғыны ПТ-29/35-10 типке ауыстыру есебiнен жүзеге асады. Бiрақ қосымша қазан орнату қажетi туындамайды, өйткенi бұдың қысымы $P=3\text{МПа}$ болатын қазанның бұөндiрулiгi жеткiлiктi.

ПТ-29/35-10 шығыр қондырғысы мен қарсықысымды P-6-35/10 шығыр қондырғының өндiрiстiк алымдарынан алынған бұ 1МПа бұ жолына берiледi, ал бас жолдан өндiрiске жiберiледi. ПТ-29/35-10 типтi шығырдың жылуландырулық алымдарынан алынған бұ қыздырғыштарға жiберiледi.

ЖЭО-ның жылулық сұлбасының есебi 4сипаттық тәртiп бойынша жүргiзiледi:

I – максималды-қыстық. Жылуландырулық жүктеме үшiн қажет сыртқы ауаның есептiк температурасына сәйкес келедi.

II – салқын ай немесе апаттық. Салқын айдағы сыртқы ауаның орташа температурасына сәйкес.

III – орташа-жылуландырулық. Жылыту кезiндегi сыртқы ауаның орташа температурасы.

IV – жаздық. Жылуландырулық және желдетулiк жүктемеге сәйкес. Сипаттық тәртiп бойынша ЖЭО-ның жылулық жүктемелердiң есебi I-режим

$$Q_{отв}^I = Q_{отв}^{мак} + Q_{кем} - Q_{тол}$$

$$Q_{ыск}^I = Q_{ыск}^{мак}$$

$$Q^I = Q_{отв}^I + Q_{ыск}^I$$

мұнда $Q_{тол}$ химиялық тазартумен толықтырылған судан келген жылу:

$$Q_{тол} = G_{кем} \cdot C_{су} \cdot (t_{хтс} - t_{сс}) / 3,6, \text{ МВт}$$

$t_{хтс} = 40 \text{ }^\circ\text{C}$ – ХСТ кейiнгi судың орташа температурасы; $t_{сс} = 5 \text{ }^\circ\text{C}$ – салқын судың температурасы.

II-режим

$$Q_{отв}^{II} = Q_{отв}^I \cdot [(t_{вн} - t_{н}^{хм}) / (t_{вн} - t_{н}^p)]$$

$$Q_{\text{ыск}}^{\text{II}} = Q_{\text{ыск}}^{\text{мак}}$$

$$Q^{\text{II}} = Q_{\text{отв}}^{\text{II}} + Q_{\text{ыск}}^{\text{II}}$$

III-режим

$$Q_{\text{отв}}^{\text{III}} = Q_{\text{отв}}^{\text{I}} \cdot [(t_{\text{вн}} - t_{\text{н}}^{\text{cp}})/(t_{\text{вн}} - t_{\text{н}}^{\text{p}})]$$

$$Q_{\text{ыск}}^{\text{III}} = Q_{\text{ыск}}^{\text{мак}}$$

$$Q^{\text{III}} = Q_{\text{отв}}^{\text{III}} + Q_{\text{ыск}}^{\text{III}}$$

IV-режим

$$Q^{\text{IV}} = Q_{\text{ыск}}^{\text{мак}} \cdot [(t_{\text{ыс}} - t_{\text{сс}}^{\text{жаз}})/(t_{\text{ыс}} - t_{\text{сс}}^{\text{кыс}})]$$

мұнда $t_{\text{гв}} = 60 \text{ }^{\circ}\text{C}$;

салқын су температурасы: жазда $t_{\text{сс}}^{\text{жаз}} = 15 \text{ }^{\circ}\text{C}$; қыста $t_{\text{сс}}^{\text{кыс}} = 5 \text{ }^{\circ}\text{C}$.

Өзіндік мұқтаждыққа кететін бу мен жылу шығысының есептелуі
Энергетикалық қазанды жағуға кететін мазут шығыны

$$B_{\text{эк}} = D_{\text{жағу}} \cdot (h_{\text{бу}} - h_{\text{су}}) / Q_{\text{м}} \cdot \eta_{\text{каз}}, \text{ Т/сағ}$$

$$D_{\text{жағу}} = 0,3 \cdot 2 \cdot D_{\text{каз}}, \text{ Т/сағ};$$

$$Q_{\text{м}} = 39930 \text{ кДж/кг};$$

Шыңдық су қыздырғыш қазандағы мазут шығыны

$$B_{\text{шск}} = 3600 \cdot Q_{\text{шск}} / Q_{\text{м}} \cdot \eta_{\text{шск}}, \text{ Т/сағ}$$

Мазуттың сағаттық шығыны

$$B_{\text{м}} = B_{\text{эк}} + B_{\text{шск}}, \text{ Т/сағ}$$

Мазуттың тәуліктік шығыны

$$B_{\text{тәу}} = 20 \cdot B_{\text{эк}} + 24 \cdot B_{\text{шск}}, \text{ Т/тәу}$$

ЖЭО-ның мазут шаруашылығына қажет бу шығыны

Көрсеткіштері $P = 1 \text{ МПа}$, $t = 200 \text{ }^{\circ}\text{C}$ болатын будың көмегімен $60 \text{ }^{\circ}\text{C}$ температураға дейін қыздырылғаннан соң цистернадан ағызылады.

Бір уақытта ағызылған цистерналардың саны $n_{\text{тжц}}$ мазуттың шығынына байланысты $n_{\text{ждц}} = 15 \div 20$ ретінде алынады.

Цистернаға ағызу үшін қажет бу шығысы

$$D_{\text{ағ}} = n_{\text{тжц}} \cdot [0,636 - 0,0106 \cdot (t_{\text{н}})] , \text{ Т/сағ}$$

Есептеулер төрт режим бойынша жүзеге асады

$$D_{\text{ағ}}^{\text{I}} = n_{\text{тжц}} \cdot [0,636 - 0,0106 \cdot (t_{\text{н}}^{\text{p}})]$$

$$D_{\text{аф}}^{\text{II}} = n_{\text{тжц}} \cdot [0,636 - 0,0106 \cdot (t_{\text{н}}^{\text{XM}})]$$

$$D_{\text{аф}}^{\text{III}} = n_{\text{тжц}} \cdot [0,636 - 0,0106 \cdot (t_{\text{н}}^{\text{opt}})]$$

$$D_{\text{аф}}^{\text{IV}} = n_{\text{тжц}} \cdot [0,636 - 0,0106 \cdot (t_{\text{н}}^{\text{жаз}})]$$

Резервуарда мазутты қыздыруға қажет бу шығыны

$$D_{\text{аф}} = n_{\text{рез}} [2,3 - 0,0288(t_{\text{нi}})] , \text{ т/сағ}$$

Қазандыққа келетін мазутты қыздыру үшін кететін бу шығысы

$$\begin{aligned} D_{\text{кыз}}^{\text{I}} &= 0,062 \cdot B_{\text{м}} , \text{ т/сағ}, \\ D_{\text{кыз}}^{\text{II}} &= D_{\text{кыз}}^{\text{I}} , \text{ т/сағ}, \\ D_{\text{кыз}}^{\text{III}} &= D_{\text{кыз}}^{\text{I}} , \text{ т/сағ}, \\ D_{\text{кыз}}^{\text{IV}} &= 0,8 \cdot D_{\text{кыз}}^{\text{I}} , \text{ т/сағ}. \end{aligned}$$

ЖЭО-дағы мазут шаруашылығына қажет қосынды бу шығыны

$$D_{\text{мш}} = D_{\text{аф}} + D_{\text{тол}} + D_{\text{кыз}} , \text{ т/сағ}$$

Мазут шаруашылығына кететін бу шығының шығыны

$$G_{\text{мшш}} = 0,2 \cdot D_{\text{мш}} , \text{ т/сағ}$$

1.2.2. ПТ-29/35-3,0-1,0 шығыр қондырғысының жаңғырту жүйесін есептеу

1.2-кесте. ПТ-29/35-3,0-1,0 шығыр қондырғысы сипаттамасы

Өндірістік бу шығысы $D_{\text{ө}}$, т/сағ	Өндірістік бу қысымы $P_{\text{ө}}$, кг/см ²	Жылуландырулық бу шығысы $D_{\text{ж}}$, т/сағ	Жылуландырулық бу қысымы $P_{\text{ж}}$, кг/см ²	Шығырдың ішкі ПӘК	Алымындағы және шықтағыштағы P , кг/см ²				Бу турбины типі
					1	2	3	к	
70	10,2	80	1,224	0,8	4,998	4,998	0,89	0,073	ПТ-29/35

- будың қысымы мен температурасы, $P_{\text{ө}}=30$ кг/см², $t_{\text{ө}}=400$ С°;

- шықтағыштағы қысымы, $P_k=0,073 \text{ кг/см}^2$;
- алымдарындағы бу қысымы, $P_i, \text{кг/см}^2$;
- шығырдың ішкі ПӘК-і, $\eta_{oi}=0,8$.

Шығырдың реттегіш қақпақшаларындағы будың дросселденуі 8 %, ал өндірістік және жылуландырулық алымдар 5% болады.

$$P'_0 = 0,92 P_o \quad P_o = 30 \text{ кг/см}^2 = 2,941 \text{ МПа}$$

$$P'_{онд} = 0,95 P_{онд} \quad P_{онд} = 10,21 \text{ кг/см}^2 = 1 \text{ МПа}$$

$$P'_{жыл} = 0,95 P_{жыл} \quad P_{жыл} = 1,224 \text{ кг/см}^2 = 0,12 \text{ МПа}$$

$$P'_0 = 0,92 \times P_o = 0,92 \times 2,941 = 2,7 \text{ МПа}$$

$$P'_{онд} = 0,95 \times P_{онд} = 0,95 \times 1 = 0,95 \text{ МПа}$$

$$P'_{жыл} = 0,95 \times P_T = 0,95 \times 0,12 = 0,11 \text{ МПа}$$

Қыздырғыштардан кейінгі судың температурасы осылай анықталады:

$$t_{кан} = t_i - \delta$$

мұнда $t_{кан}$ – қыздырғыштағы белгілі бір қысымдағы қанығу температурасы, δ -судың кем қыздыру, ЖҚҚ үшін – 3C° , ал ТҚҚ үшін – 5C° .

1.3-кесте. Кем қыздыру

Қыздырғыш	Құбылыс түрі		
Қанығу температурасы C°	51	51	6
$t_{Bi} = t_i - \delta$	48	48	3

Қыздырғыштардан кейінгі судың қысымы ТҚҚ пен ЖҚҚ кедергілері есебінен алынады. ТҚҚ-тан кейінгі судың қысымы барлық типті шығыр қондырғылары үшін бірдей. ЖҚҚ-тан кейінгі қоректік судың қысымы келесідей анықталады:

$$P_c = P_{kc} - \Sigma \Delta P_{жккі}$$

Будың қысымы 30 кг/см^2 шығыр қондырғылары үшін $P_{kc} = 73,44 \text{ кг/см}^2$.

Әр алымның жылу құламасы былай анықталады:

$$H_i = h_0 - h_i$$

$$H_1 = h_0 - h_1 = 3232,6 - 2905 = 327,6 \text{ кДж/кг}$$

$$H_2 = h_0 - h_2 = 3232,6 - 2905 = 327,6 \text{ кДж/кг}$$

$$H_3 = H_d = h_0 - h_3 = 3232,6 - 2669 = 563,6 \text{ кДж/кг}$$

$$H_k = h_0 - h_k = 3232,6 - 2359 = 873,6 \text{ кДж/кг}$$

$$H_n = h_0 - h_n = 3232,6 - 3023 = 209,6 \text{ кДж/кг}$$

$$H_m = h_0 - h_m = 3232,6 - 2691 = 541,6 \text{ кДж/кг}$$

Электрэнергиясының кем өндіру коэффициенті:

$$y_i = \frac{h_i - h_j}{h_0 - h_j}$$

$$y_1 = \frac{h_1 - h_k}{h_0 - h_k} = \frac{2905 - 2359}{3232,6 - 2359} = 0,625$$

$$y_2 = \frac{h_2 - h_k}{h_0 - h_k} = \frac{2905 - 2359}{3232,6 - 2359} = 0,625$$

$$y_3 = \frac{h_3 - h_k}{h_0 - h_k} = \frac{2669 - 2359}{3232,6 - 2359} = 0,359$$

$$y_n = \frac{h_n - h_k}{h_0 - h_k} = \frac{3023 - 2359}{3232,6 - 2359} = 0,76$$

$$y_m = \frac{h_m - h_k}{h_0 - h_k} = \frac{2691 - 2359}{3232,6 - 2359} = 0,38$$

Деаэратордағы қысым $P_d = 1,2 \text{ кг/см}^2$.

